

**Б.Б. Джакубақынов\*** 

*Әскери ғылымдар докторы, профессор  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ. Қазақстан  
[beibit-22@mail.ru](mailto:beibit-22@mail.ru)*

**Н. Төлегенұлы** 

*PhD, қауымдастырылған профессор  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ. Қазақстан*

## МЕКТЕПТЕ «АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Аңдатпа.** Мақалада әскер жасына дейінгі жасөспірімдердің әскерге қажетті қабілеттер мен қасиеттерді қалыптастыруда мектеп пен колледждегі «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің маңызыдылығы және «Алғашқы әскери дайындық пен технологиялық дайындықты» оқыту әдістемесі бойынша жоғары оқу орны базалық мектептермен бірлесіп, пәнді оқыту бойынша үйлестіруші оқу-әдістемелік кеңесін құру. Болашақ жастардың руханилығын арттыру қажеттілігі, сонымен қатар қазақстандық қоғамның рухани жаңғыруы жағдайында мектептің қызметін одан әрі дамыту рухани, адамгершілік, патриоттық тәрбие жағдайын сын көзбен ой елегінен өткізіп, әлеуметтік саладағы тұжырымдамалар мен бағдарламаларға және оқу-тәрбие жоспарлары мен мазмұнына қажетті өзгерістер енгізуді талап ету. Басым мақсатқа қол жеткізу үшін білім мазмұны мен тәрбие үрдісін қайта құру, оларды интеграциялауға мәліметтер көрсетілген.*

***Тірек сөздер:** мектеп, оқушылар, рухани саулық, патриот, әскери дайындық, технология, динамика, оқыту, мемлекеттік бағдарлама.*

**Кіріспе.** Мектеп оқушыларын әскери қызмет етуге дайындау, оларға әскери-патриоттық тәрбие беру міндеті бүгінгі мектептің басым бағыттарының қатарында. Жастар бойында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне деген құрметті, әскерге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, олардың қорғанысқа тұрақты дайындығын қалыптастыру - мектептегі «Бастапқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің маңызды міндеттері болып табылады. Дегенмен, Отан қорғауға атсалысу, Қарулы Күштер қатарында екендігін мақтаныш ету, әскери ар-намыс пен абырой – бұл ұғымдар соңғы кездері әскерге шақырылатындар алдында өз маңызын жоғалтып бара жатқан сияқты. Қазіргі кезде тағы бір жағымсыз үрдіс

байқалып отыр: орта мектепті бітіргені туралы құжаттың болуы әскерге шақырылушының жеткілікті интеллектуалдық дамуының, қанағаттанарлық психикалық күйінің және әлеуметтік бейімделуінің дәлелі бола алмай қалды. Білім мазмұнын жаңарту жағдайында оқушыларды әскери қызметке дайындау мен оларға әскери-патриоттық тәрбие берудің өзекті мәселелеріне тоқталуды жөн көрдік.

**Зерттеу шарттары мен әдістері.** Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізінде Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының дайындаған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдамасы; ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 11 ақпандағы «Азаматтарды әскери қызметке дайындау,

ұйымдастыру мен өткізу, сондай-ақ бастапқы әскери дайындықтың оқу-материалдық базасын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» № 118 қаулысы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 3-4 қосымша. Білім беру саласындағы Ресми құжаттар мен нормативтік материалдар; Қазақстан Республикасының жалпы және орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Жалпы білім беретін мектептерге арналған үлгілік және жұмыс оқу жоспарлары, үлгілік бағдарламалар, оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдардан дерек көздер қолданылды.

### **Зерттеу нәтижелерін талқылау.**

**1-мәселе.** Болашақ Отан қорғаушысы денсаулығы жақсы, білімді, дене бітімі дамыған, рухани-адамгершілік ұстанымдары жоғары тұлға болуы керек. Дегенмен, соңғы жылдары балалар мен жасөспірімдердің рухани, жан, тән саулығы көрсеткіштерінің теріс динамикасы байқалып келеді, бұл үрдіс әскер жасына дейінгі жасөспірімдерге де қатысты [1].

ҚР Қорғаныс министрлігінің бұйрығына [2] сәйкес денсаулық бойынша әскери қызметке жарамдылық талаптары көрсетілген. Денсаулықтан кінәрат табылса, әскерге бару 1 жылға шегеріледі. Кейбір жастар білімді болғанымен, денсаулығы жарамсыз болып шығады. Дене дайындығына келетін болсақ, қазіргі жасөспірімдердің тән шымырлығы мен шынығуының жағдайы жақсы емес. Үйлесімді физикалық дамуы бар болашақ сарбаздардың үлесі 52%-ға дейін азайған [3]. Сондықтан, толықтай физикалық дайындығы жоқ әскерге шақырылатындарға Қарулы Күштердегі дене дайындығы жөніндегі нормативтерді [4] орындау қиынға соғатын болады.

Қазіргі таңда физикалық белсенділіктің төмендеуі мен тамақтанудың қолжетімділігі жастардың өз бойына артық салмақ қосуына (семіздікке) алып келді. Бұған кері жағдай да жиі кездеседі: жасөспірімдер арасында дене салмағының жетіспеушілігі мектепті

бітіргенше әрбір төртіншіде кездеседі. Медициналық куәландыру кезінде әскерге шақырылатындардың 35,3% - да тамақтанудың жеткіліксіздігі анықталып, олардың үлесі 5,9%-дан 9,7% - ға жеткен [5].

Рухани саулық және тән саулығы мен жан саулығының арасында тығыз байланыс бар. Әскерге шақырылатындар физикалық тұрғыдан ширақ болумен қатар, өмірдің қандай да бір қиындығы мен ауыртпалығына төзімді болулары тиіс. Алайда, жасөспірімдердің қазіргі өмірінің жоғары стрессогендігі психикалық бұзылулардың өсуіне әкеледі, олардың саны әр он жыл сайын 15% - ға артып отыр [5]. Әскерге шақырылу жасындағы 40% жасөспірімдердің дене және психикалық даму деңгейі оларға әскери қызмет жүктемелеріне бейімделуге мүмкіндік бермейді екен.

**Қорытынды.** Балалар мен жасөспірімдердің рухани, жан, тән саулықтарын нығайту және салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы арнайы мемлекеттік бағдарлама қабылдау керек. Әскер жасына дейінгі жасөспірімдердің денсаулық көрсеткіштерінің оң динамикасын және әскерге қажетті қабілеттер мен қасиеттерді қалыптастыруда мектеп пен колледждегі «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пен «Дене шынықтыру» пәндерінің маңызы жоғары. Оқушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеу мен оларды әскери қызметке дайындау бірлігі аталған пәндерді оқытудың негізі қағидасын құрауы тиіс. Мұндай күрделі жұмыста тек оқу орындарының күш-жігері жеткіліксіз. Олардың мемлекеттік және жергілікті атқару органдарымен, қоғамдық бірлестіктермен, ұйымдармен, әскери бөлімдермен, мекемелермен өзара іс-қимыл жасауы арқылы өскелең ұрпақтың бойында жоғары патриоттық сананы, өз Отанына адалдықты, азаматтық борышын өтеуге дайындығын қалыптастыру ауадай қажет.

**2- мәселе:** «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің атауына қатысты мынандай сұрақтар туады:

1) «алғашқы» ма, әлде «бастапқы» ма?

2) «техникалық» па, әлде «технологиялық» па?

3) атаудағы «және» жалғауы орынды ма?

Біріншіден, біздің пікірімізше, «алғашқы» және «бастапқы» сөздері синоним болып келгеніне қарамастан, пән атауында бір сөзді пайдаланған дұрыс. Мысалы, физика мекепте де, жоғары оқу орнында да, Африкада да физика. Ал аталмыш пән мектепте «алғашқы», ал жоғары оқу орнында «бастапқы» деген сөздермен басталады. Мұндай жағдай пәнді оқыту және әдістемелік жұмыстар тәжірибесінде қиыншылықтар мен шатасулар тудырады. Екіншіден, «технологиялық» деген сөзді пайдалану дұрыс емес, себебі пәнді оқыту барысында, еңбек сабағындағыдай бір нәрсе жасап шығарумен оқушылар айналыспайды, сондықтан «техникалық» деген сөзді қолдану орынды. Себебі пәнде роботтық техника және автомобильдік дайындық туралы айтылған. Кеңес үкіметі жылдары мектепте жоғары сыныптарда автомобильдік дайындық өтілгені белгілі, бірақ ол жеке пән ретінде оқытылған. Оқушылардың осы дайындықтың негізінде машина жүргізу туралы куәлік алуға мүмкіншіліктері болған. Осыған орай, үшіншіден, пән атауында «және» жалғауын пайдалану орынсыз. Техникалық және автомобильдік дайындықты жеке пән ретінде жүргізген жөн.

**Түйін:** сөздердің ұғымдық сипатына сәйкес әр нәрсені өз атымен атау керек. Бір пәнді, екінші пәнге телу орынсыз. «Алғашқы әскери дайындық» пәнін бұрынғыдай аптасына 2 сағат көлемде бөлек оқыту керек. Әр пәннің мазмұнын жаңартуда шаблондық ұстаным дұрыс емес. «Алғашқы әскери дайындық» пәнінің мазмұны негізінен инвариантты болып келеді, сондықтан бұл пәннің мазмұнын жаңартқандақазіргі әлемдік және әскери саладағы үрдістерге сәйкес, тарауларының біреуінің мазмұны тарылып, екіншісінің

мазмұны кеңейуі мүмкін. Тағы да ескеретін жағдай: тарауларды оқытуға бөлінген сабақты қысқартудың да жөні бар, яғни ол белгілі бір деңгейден төмен болмауы тиіс (мысалы, 5 сағаттан), ал ол осы мөлшерден төмен болса, оқытудың ешқандай мағынасы жоқ. Қазанның қақпағын ашып, қараған сияқты ғана болып қалады.

**3- мәселе:** Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы дайындаған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәніоқыту бойынша әдістемелік ұсынымдамада [6] пәннің мақсаты былай жазылған: «білім алушы Қазақстан Республикасының Конституциясының негізгі ережелерін, мемлекетті қорғау негіздерін, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің арналуын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру, әскери қызметтің маңызын, Қазақстан Республикасының әр азаматының қасиетті парызы және міндетін оқыту». Байқағаныздай, мақсат нақты және дәл емес, жалпы сөздермен құрылған. мақсаттың дұрыстығы бүкіл істің, үдерістің нәтижелі болуына орасан зор әсер етеді.

**Түйін:** Пәннің мақсатын қысқа да нұсқа келесідей тұжырымдаған дұрыс: «білім алушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеу, оларды әскери қызметке дайындау».

**4- мәселе** Алғашқы әскери дайындықтың нормативтік құқықтық базасымен байланысты.Бәрімізге белгілі, 2013 жылдан бастап 2017 жылға дейін азаматтарды әскери қызметке дайындау ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 11 ақпандағы «Азаматтарды әскери қызметке дайындау, ұйымдастыру мен өткізу, сондай-ақ бастапқы әскери дайындықтың оқу-материалдық базасын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» № 118 қаулысымен реттеліп келді. Мұның алдында «Мемлекеттік органдардың азаматтарды әскери қызметке даярлауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 мамырдағы № 449 Қаулысы болғанын еске саламыз.

2017 жылдан бастап алғашқы әскери дайындық ҚР Қорғаныс министрлігінің өкілеттілігіне берілді. Өзінің тарапында Қорғаныс министрлігі аталған қаулының орнына төрт бұйрық шығарды [7-10]. Бұл бұйрықтар сәйкесінше алғашқы әскери дайындықты төрт түрлі оқу орнында жүргізуге арналған: 1) орта мектеп пен колледжде; 2) Қорғаныс министрлігінің республикалық «Жас ұлан» мектептерінде; 3) Қорғаныс министрлігінің әскери-техникалық мектептерінде және 4) жоғары оқу орнындары жанындағы әскери кафедраларда.

Осыған орай, Үкімет қаулысын Қорғаныс министрлігінің бұйрықтарымен алмастыру дұрыс болмады деп есептейміз. Себебі әскери-патриоттық тәрбие және алғашқы әскери дайындық мемлекеттік маңызды шараларға жатады, сондықтан бұл жұмысқа көптеген министрліктер мен жергілікті атқару органдары тартылады, соның ішінде Білім және ғылым министрлігі де бар. Осындай жағдайда Қорғаныс министрлігінің басқа министрліктерге өкім беретін құзіреті жоқ.

Өзінің депутаттық сауалын жеткізген сенатор Д.Нұржігіт ел жастарын әскери-патриоттық тәрбиелеу мәселесіне алаңдаушылық білдірді [11]. «Заңнамалық деңгейде патриоттық тәрбиенің әлеуметтік-құқықтық мәртебесі, патриоттық тәрбие берудің біртұтас жүйесінің құрамдас элементтері ретінде әрбір мемлекеттік органның, ведомствоның, ұйымның рөлі, орны, міндеттері, функциялары олардың ерекшеліктеріне сәйкес анықталмаған», - деді депутат. Сенат депутатының айтуынша, қазір патриотизмді қалыптастыру жұмыстарын тек Қорғаныс министрлігі жүргізеді, ал бұл бүкіл үкіметтің ортақ міндеті. Кешіксе де, дұрыс көтерілген мәселе, құптайтын жағдай.

**Түйін:** Жалпы патриоттық, соның ішінде әскери-патриоттық, тәрбиенің қоғамдағы және мемлекеттегі маңыздылығын ескере отырып, сенатор Д. Нұржігіттің осы бағытта арнайы заң қабылдау туралы ұсынысын қолдауымыз керек.

Бұрынғыдай алғашқы әскери дайындықты ұйымдастыру, жүргізу және оны кешенді қамтамасыз ету ҚР Үкіметінің қаулысымен реттелуі тиіс. Республикалық «Жас ұлан» мектептерін қоғамды демилитаризациялау саясатына сәйкес және бұл оқу орындарында негізінен жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламалары жүзеге асатынына байланысты оларды қайтадан Білім және ғылым министрлігінің қарауына беру қажет. Себебі Алғашқы әскери дайындыққа қосымша 34 сағат қана бөлінген. Қорғаныс министрлігінің әдістемелік, кадрлық, материалдық-техникалық көмегі сақталуы тиіс.

**5- мәселе** пәннің «құлдырау» динамикасымен байланысты. 1-кестеде «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқытуға бөлінген сағаттардың соңғы 10 жылдағы өзгерісі келтірілген. Байқағанымыздай, 2013 жылдан бастап пәннің көлемі 2 есе қысқартылған, бірақ оқытылатын бөлімдер сақталған. Қазіргі кезде Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағына жалпы білім беру оқу орындарында 98 сағат берілген, 10-сыныпта 64 сағат, оның ішінде 30 сағат дала-оқу жиынына, 11- сыныптағы «Технологиялық (техникалық) дайындыққа» 34 сағат берілген.

Кесте – 1.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқытуға бөлінген сағаттардың соңғы 10 жылдағы өзгерісі

АӘД тараулары	2010		2013		2017	
	10 сын ып	11 сын ып	10 сын ып	11 сын ып	10 сын ып	11 ыны п
1 Кіріспе	1	1	1		1	
2 ҚК тәуелсіздік күзетінде (Қазақстан Республикасы Қарулы	7	3	3	2	3	

Күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі)						
3 Саптық дайындық	7	7	7	3	2	
4 Жалпыәскери жарғылар	10	5	5		3	
5 Тактикалық дайындық	15	8	8		1	
6 Атыс дайындығы	15	4	4		4	
7 Мед. дайындық (қыздар)	9	30				
8 Азаматтық қорғаныс	9	22				
9 Әскери топография	6	12	2		2	
10 Атыс жүргізу	7	5				
11 Бақылау сабақтары	4			4		
12 Тіршілік қауіпсіздік негіздері және ақпараттық технология			5	25	12	
13 Робототехника					6	
14 Технологиялық дайындық						34
<b>Барлығы</b>	<b>68+4</b>	<b>68</b>	<b>34</b>	<b>30+4</b>	<b>34 (16)</b>	<b>34</b>

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқу пәнінің 10- сыныпқа арналған бағдарламаның базалық мазмұны 8 бөлімнен тұрады:

Кіріспе 1 сағат;

1) Қазақстан Республикасының Қарулы күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі 3 сағат;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары 3 сағат;

3) Тактикалық дайындық 1 сағат;

4) Атыс дайындығы 4 сағат;

5) Саптық дайындық 2 сағат;

6) Әскери топография 2 сағат;

7) Өмір қауіпсіздігінің негіздері және ақпараттық технология 12 сағат;

8) Әскери роботты техникалардың негіздері 6 сағат.

Оқу жылы бойынша 34 сағат, яғни аптасына бір-ақ сабақ өтіледі. Ал бағдарламадағы бөлімнің оқу сұрақтарына қарайтын болсақ, мазмұн тарылмаған, бірақ сабақтар қысқартылған. Мысалы, саптық дайындыққа бөлінген 2 сағатта не үйретуге болады?

10-сынып бағдарламасының мазмұнына «Әскери роботты техника негіздері» бөлімі енгізілген, ол «Әскери роботты техника негіздері», «Роботтарды басқару алгоритмі» және «Роботтарға арналған міндеттер. Роботтардың қызмет ету мүмкіндіктері» атты бөлімшелерге бөлінген. Байқағанымыздай, бөлім мен бөлімше атауының бірдей аталуы бұл құжаттың «шикі» екенінің дәлелі.

Сонымен қатар, пәннің базалық мазмұнда IT-технологияны пайдалану қарастырылған. Бірақ оның тіршілік қауіпсіздік негіздерімен біріктіріліп қойылғаны түсініксіз. Тағы бір ескеретін жағдай: Ресейде Алғашқы әскери дайындық Тіршілік қауіпсіздік негіздерінің құрамына кіреді, бізде керісінше болып тұр. Біздің ойымызша, Тіршілік қауіпсіздік негіздерін Азаматтық қорғаныспен ауыстырған дұрыс болар еді. Медициналық дайындықты жеке бөлім ретінде оқытқан тиімді.

**Түйін:** Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқу пәнінің 10-сыныпта өтетін тақырыптарға бөлінген

сағаттар саны өте аз, әсіресе бұл Жалпы әскери жарғыларға, Тактикалық дайындыққа, Саптық дайындыққа қатысты. Ал бұл мәселені пәнге бөлінетін сағаттарды көбейтпей шешу мүмкін емес.

Роботты техниканы оқытуға ешқандай қарсылық жоқ, бұл – өмір талабы. Бірақ оның бүгінгі таңда материалдық-техникалық базасын жасай аламыз ба? Қарапайым плакаттар мен макеттер жетіспей жатқанда, жекелеген тактикалық міндеттерді шешуде роботтарды пайдалану туралы айту артық болар. Жалпы IT-технологияны роботты техникамен қосу керек. Роботты техниканың үлгілері, оларды пайдалануға арналған әрі жабдықталған оқу кабинеттері жабдықталуы тиіс.

Сонымен, Алғашқы әскери дайындық 10 сыныпта аяқталып, оқушылар 5 күндік оқу-дала (лагерьлік) жиынынан өтеді.

**6- мәселе** осы оқу-дала (лагерьлік) жиынымен байланысты. Ұсынылған бағдарламада жиынға 30 сағат бөлінген:

- Тактикалық дайындық 14 сағат;
- Атыс дайындығы 6 сағат;
- Қарулы Күштердің, басқа әскерлердің және Қазақстан Республикасының әскери құралымдарының жалпы әскери жарғылары 4 сағат;
- Саптық дайындық 4 сағат;
- Әскери топография 2 сағат.

Оқу-дала жиыны, әдетте, оқу жылы аяқталғаннан кейін аудандағы бірнеше мектептердің қатысуымен әскери бөлімдердің (мекемелердің) базасында немесе олардың қатысуымен ұйымдастырылады. Алайда көпшілік мектептерде ол дұрыс өткізілмейді. Оның бірнеше себептері бар: біріншіден, жиынды өткізуге жергілікті қорғаныс ісі жөніндегі бөлімдер салғырт қарайды. Екіншіден, жиынды өткізу үшін айтарлықтай қаржы, көліктер, тұрмыстық заттар керек және қажетті мамандар санын тарту қажет. Негізінен қаржыны жергілікті атқарушы орган бөлуі тиіс. Үшіншіден, мектеп әкімшілігінің де мәселені шешуде белсенділігі жеткіліксіз.

Жоғарыда аталған Қорғаныс министрлігінің алғашқы әскери дайындықты ұйымдастыру туралы бұйрығында [7] мектептер мен колледждерге көмек көрсету үшін гарнизондардың бастықтары жергілікті әскери басқару органдарымен бірлесіп, әскери бөлімдерге, әскери оқу орындарына және жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедраларға оларды бекітіп беретіні туралы айтылған. Әскери бөлімдердің (мекемелердің) командирлеріне, әскери оқу орындарының, жоғары оқу орындары әскери кафедраларының бастықтарына алғашқы әскери дайындықты, жастармен патриоттық және тәрбие жұмысын ұйымдастыруға және жүргізуге қатысу жүктелген. Қағаз жүзінде бар шығар, бірақ осы тәжірибеде жүзеге асып жатыр ма?

**Түйін:** Алғашқы әскери дайындықтың мектеп базасында өтілетін көлемі қысқарған жағдайда пәнді толық игеру үшін оқушылармен оқу-дала (лагерьлік) жиынын талаптарға сай ұйымдастырып, өткізу өте маңызды. Осыған байланысты Қорғаныс министрлігі мен жергілікті атқарушы органның бірлескен бұйрығын шығару керек, онда жиынды өткізуге қатысатын барлық тараптардың міндеттері мен жауапкершіліктері нақты көрсетілуі тиіс. Оқу-дала (лагерьлік) жиынын Қорғаныс министрлігінің бөлімшелерінің қатысуынсыз сапалы өткізу мүмкін емес. Оқу-дала (лагерьлік) жиынының да бағдарламасын қайта қарау қажет. Мүмкін осы жиын барысында көлік жүргізуді үйрету дұрыс болар.

**7- мәселе.** Технологиялық (техникалық) дайындық туралы айтатын болсақ, 11-сыныптағы барлық 34 сағат осыған арналған. Бұл дайындық келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Дөңгелекті машиналардың негіздері мен жүргізу ережесі 8 сағат;
- 2) Көлік құралдарын басқару негіздері және жүргізу қауіпсіздігі 8 сағат;
- 3) Күрделі жол жағдайында көлік құралын басқару 18 сағат.

Мысал ретінде «Автокөлік құралдарын басқару негіздері және жол қауіпсіздігі» бөлімшесі тақырыптарын қарастырайық, олар келесідей:

1) Қауіпсіздік шаралары сабақ барысында. Жүргізушінің жұмыс орнын дайындау. Автомобильдің басқару тетіктерімен танысу. Жұмыс істемейтін қозғалтқыштың басқару элементтерін әзірлеу. Ситуациялық есепті шығару.

2) Қозғалтқышты қосу. Автомобильді орнынан қозғалту, тура жолда қозғалыс, тежеу және тоқтату. Ситуациялық есепті шығару.

3) Қисық траекторияда қозғалыс, маневр. Берілісті ауыстырумен жүргізу. Ситуациялық есепті шығару.

4) Гаражға кіру. Ситуациялық есепті шығару.

5) Тар кеңістікте бұрылыс. Автомобильді көлік тұрағына қою. Ситуациялық есепті шығару.

6) Эстакадаға кіру. Өрлеу үстінде тұрған автомобильді жүргізу. Ситуациялық есепті шығару.

Байқағанымыздай, аталған оқу тақырыптарын негізінен тәжірибелік сабақтарда, яғни автомобильде өткізу керек. Ал үйретуге арналған, арнайы жабдықталған автокөлік мектептерде бар ма? Ол көлік әскерде пайдаланатындай болғаны жөн, себебі дайындық әскери қызметке арналған емес пе? Автодром жабдықтайтын мүмкіншілік бар ма? Сыныпта 25-30 бала бар десек, бір бөімніңкөлемді материалын 8 сағатта игеру мүмкін бе? Егер автомобильді жүргізу сыныптан тыс уақытта өткізілетін болса, ол нормативтік құжаттармен реттелген бе? Яғни, сұрақтар өте көп.

Көлік құралының жүргізушісін дайындау үшін талап бойынша көптеген жабдық-жарақтар керек: соның ішінде, «Жол белгілері» стенді, «Жол таңбалары» стенді, «Бағдаршам белгілері» электрлендірілген стенді, «Реттелетін көшелер қиылысы» тренажеры, «Реттелмеген көшелер қиылысы» тренажеры және т.б. бар. Сонымен,

технологиялық (техникалық) дайындықтың базасын жасап, жабдықтау үшін қомақты қаржы керек.

**Түйін:** Болашақ әскери қызметшілердің техникалық (технологиялық) сауаттылығын, техниканың «тілін» білуін, техникаға қызығушылығын арттыру керек. Бұған жол апаттарының көбеюі, қарудан жарақат алу, әскери техниканы күтіп, баптаудағы кемшіліктер, ақпараттық қауіпсіздік шараларының, цифрлық сауаттылықтың жеткіліксіздігі себеп. Автомобильдік дайындықтың материалдық-техникалық базасын жасауды шұғыл қолға алып, тиісті қаржылық көмек және Қорғаныс министрлігі тарапынан әдістемелік, техникалық қолдау көрсетілуі тиіс. Әсіресе, жергілікті басқару органдарынан қала (ауыл) бюджетінде далалық жиынды өткізуге арналған қаражат қарастыруды талап ету (тамақ, көлік, коммуналдық шығындар және т.б.) керек.

**8- мәселе** рухани-адамгершілік және әскери патриоттық тәрбиеге қатысты. Қазіргі таңда жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу ең өзекті мәселе болып отыр. Оған дәлел соңғы кездері жастардың бойында қайсарлықтың, жігерліліктің, өжеттіліктің, төзімділіктің, тектіліктің азаюы, батыс елдері мәдениетіне орынсыз еліктеуі, олардың түрлі теріс қалықтардың болмысына ене бастағаны байқалады. Көп ғасырлық тарихы бар қазақ елінің басынан небір қиын кезеңдер өткені белгілі. Хандары әділ, батырлары қайсар, ұрпағы текті халық екенімізді ұмытып бара жатқан сияқтымыз. Бұған қоса, «адам-машина» қарым-қатынастың шешілмеген мәселелері көбейіп барады. Осындай үрдіспен адамзаттың машинаға (жасанды интеллектке) құл болып қалу қаупі бар. Әскери техника - соғыс құралы ғана, қаншалықты жақсы болса да, жеңіске кепілдік бермейді. Егер сарбаздардың рухы төмен болса, өте қиын сәтте ұрыс алаңын тастап кетуі мүмкін. Жауынгерлік рухы мықты әскерлер жабдықталуы жағынан әлсіздігіне қарамай,

саны жағынан көп қарсыластарын жеңегіне тарихта көптеген мысалдар бар.

**Түйін:** 4- өндірістік революцияны рухани бай адамдар ғана жүзеге асыра алады. Болашақ әскерилердің руханилығын арттыру қажет. Қазақстандық қоғамның рухани жаңғыруы жағдайында мектептің қызметін одан әрі дамыту рухани, адамгершілік, патриоттық тәрбие жағдайын сын көзбен ой елегінен өткізіп, әлеуметтік саладағы тұжырымдамалар мен бағдарламаларға және оқу-тәрбие жоспарлары мен мазмұнына қажетті өзгерістер енгізуді талап етуде. Басым мақсатқа қол жеткізу үшін білім мазмұны мен тәрбие үрдісін қайта құру, оларды интеграциялау керек.

**9- мәселе.** Жоғары оқу орны мен мектеп, колледждердің кооперациясын күшейту үлкен назарды талап етеді. Мектепте «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» 2- сұрыпты пән болып қалғаны құпия емес. Қарапайым тәртіпті қамтамасыз ету арқылы мұғалім өз пәніне «қызғанышпен» қараған жағдайда, оқытуды өз жолына салуға мүмкіндік туады, мұғалім мәртебесі - пәннің мәртебесі. Әр ауданда материалдық базасы жақсы бір мектепті осы пән бойынша базалық деп таңдау керек.

**Түйін:** «Алғашқы әскери дайындық пен технологиялық дайындықты» оқыту әдістемесі бойынша жоғары оқу орны базалық мектептермен бірлесіп, пәнді оқыту бойынша Үйлестіруші оқу-әдістемелік кеңесін құрғаны жөн. Оның отырысын тоқсан сайын өткізген дұрыс. Қажет болса, базалық мектепте жоғары оқу орнының Бастапқы әскери дайындық кафедрасының филиалан құрып, бакалавриаттың «Алғашқы әскери дайындық» білім бағдарламасының (мамандағының) профильді пәндерінің тәжірибелік сабақтарын

студенттермен мектептің базасында өткізген дұрыс.

**Қорытынды.** Заманауи армия білім мазмұнында, оқыту мен тәрбиелеуде болашақ сарбаз тұлғасының рухани дамуына, оның патриоттық сезімдеріне әсер ететін факторлардың рөлін күшейтуді қажет етуде. Бұл қазіргі материалдық дүниеге басымдылық беріліп, технология қарқынды дамып жатқан заманда адами келбетті сақтап қалу үшін сыни ойлаудың және жаңаша әлеуметтік-саяси көзқарастың қажеттілігінен туындайды.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы дайындаған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдаманы қайта қарап, өзгерту қажет. Күн тәртібінде тұрған бірінші мәселе - мектепте пәннің беделін көтеру, осы мақсатта пән мұғалімдерін іріктеуді күшейту және пән уақытын басқа шараларға қолдануға жол бермеу.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындықтың басқа пәндермен салыстырғандағы ерекшелігі – пәннің материалдық-техникалық базасының кеңдігінде. Осыны мектеп әкімшілігі, жергілікті білім беру басқармалары дұрыс түсініп, қорғаныс істері жөніндегі басқармалармен бірге пәнді қаржылық, материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік, кадрлық қамтамасыз етуді қолға алуы тиіс. Болашақта пәнді оқытудың мәселелерін жан-жақты талқылап, дұрыс шешім қабылдау үшін Республикалық Алғашқы әскери және технологиялық дайындық және Дене шынықтыру пәндері мұғалімдерінің ассоциациясын құру мәселесі тұр.



**Әдебиеттер тізімі**

1. Баранов, А.А. Состояние здоровья детей в РФ [Текст] / А.А. Баранов // Педиатрия.– 2012. – № 3. – С. 9–15.
2. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында қызмет ету үшін адамдар денсаулық жағдайының сәйкес келуіне қойылатын талаптар туралы ҚР Қорғаныс министрлігінің 2013 жылғы 29 қаңтардағы № 37 бұйрығы.
3. Кучма, В.Р. Стратегия развития популяционной и персонализированной гигиены детей и подростков [Текст] / В.Р. Кучма // Здоровье населения и среда обитания. – 2017. – № 8 (293). - С. 7-10.
4. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі дене дайындығы жөніндегі нормативтерді бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2014 жылғы 5 мамырдағы №195 бұйрығы.
5. Кузьмин, С.А. Анализ состояния здоровья призывников, проживающих в сельской местности Оренбургской области [Текст] / С.А. Кузьмин, С.В. Смирнов // Медицинский вестник Башкортостана. - Том 10, № 1, - 2015. – С.80-83.
6. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдама. Әдістемелік ұсынымдама. – Астана: Ғ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 122 б.
7. Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы.
8. Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 29 шілдедегі № 398 бұйрығы.
9. Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 350 бұйрығы.
10. Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 шілдедегі № 375 бұйрығы.
11. Сенатор предложила принять закон о патриотическом воспитании в Казахстане: <https://ru.sputnik.kz/society/20211104/18574687/Senator-predlozhila-prinyat-zakon-o-patrioticheskom-vospitanii-v-Kazakhstane.html>

*Материал 29.01.23 редакцияға түсті.*

**Б. Б. Жакубақынов, Н. Тулегенович**

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан,*

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ПРЕДМЕТА  
"НАЧАЛЬНОЙ ВОЕННОЙ И ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКА" В ШКОЛЕ**

**Аннотация.** В статье рассматривается важность дисциплины «Начальная военная и технологическая подготовка» в школе и колледже в формировании способностей и качеств, необходимых для допризывников и создание координирующего учебно-методического совета по преподаванию дисциплины совместно с базовыми школами высшего учебного заведения по методике обучения «Начальная военная подготовка и технологическая подготовка». Необходимость повышения духовности будущей молодежи, а также дальнейшего развития деятельности школы в условиях духовной модернизации казахстанского общества требует критического осмысления состояния духовного, нравственного, патриотического воспитания и внесения необходимых изменений в концепции и программы социальной сферы, учебно-воспитательные планы и содержание. Для достижения приоритетной цели представлены сведения о преобразовании содержания образования и воспитательного процесса, их интеграции.

**Ключевые слова:** школа, учащиеся, духовное благополучие, патриот, военная подготовка, технология, динамика, обучение, государственная программа.

**B.B.Dzhakubakynov, N.Tolegenuly**

*Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan*

**ACTUAL PROBLEMS OF TEACHING THE SUBJECT  
OF "PRIMARY MILITARY AND TECHNOLOGICAL TRAINING" AT SCHOOL**

**Abstract.** The article examines the importance of the discipline "Initial military and technological training" in schools and colleges in the formation of abilities and qualities necessary for pre-conscripts and the creation of a coordinating educational and methodological council for teaching the discipline together with the basic schools of higher education institutions according to the teaching methodology "Initial military training and technological training". The need to increase the spirituality of future youth, as well as the further development of school activities in the context of the spiritual modernization of Kazakh society requires a critical understanding of the state of spiritual, moral, patriotic education and making the necessary changes to the concepts and programs of the social sphere, educational plans and content. To achieve the priority goal, information is provided on the transformation of the content of education and the educational process, their integration

**Key words:** school, students, spiritual well-being, patriot, military training, technology, dynamics, education, state program.

**References**

1. Baranov A. A. Sostoyanie zdorov'ya detej v RF [Health of children in the Russian Federation] // Pediatrics.– 2012. - No. 3. - pp. 9-15. [in Russian]
2. Order of the Ministry of Defense of the Republic of Kazakhstan dated January 29, 2013 No. 37 on the requirements for compliance with the health status of persons for service in the Armed Forces, other troops and military formations of the Republic of Kazakhstan. [in Russian]
3. Kuchma V. R. Strategiya razvitiya populyacionnoj i personalizirovannoj gigieny detej i podrostkov [Strategy for the development of population and humanized hygiene of children and adolescents] // Health of the population and middle care. – 2017. – № 8 (293). - p. 7-10. [in Russian]
4. Order of the Minister of Defense of the Republic of Kazakhstan dated May 5, 2014 No. 195 on approval of standards for physical fitness in the Armed Forces of the Republic of Kazakhstan. [in Russian]
5. Kuzmin S. A., Smirnov S. V. Analiz sostoyaniya zdorov'ya prizyvnikov, prozhivayushchih v sel'skoj mestnosti Orenburgskoj oblasti [Analysis of the state of health of people living in rural areas of the Orenburg region] // medical bulletin of Bashkortostan. - Volume 10, No. 1, – 2015. - pp. 80-83. [in Russian]
6. Methodological recommendations for teaching the discipline" primary military and technological training". Methodological recommendations. - Astana: Y. Altynsarin National Academy of Education, 2017. – 122 P. [in Kazakh]
7. Order of the Minister of Defense of the Republic of Kazakhstan dated July 12, 2017 No. 347 on approval of the rules of Initial Military Training. [in Kazakh]
8. Order of the Minister of Defense of the Republic of Kazakhstan dated July 29, 2017 No. 398 on approval of the rules for military training in additional education programs. [in Kazakh]
9. Order of the Minister of Defense of the Republic of Kazakhstan dated July 12, 2017 No. 350 on approval of the rules for training in military-technical and other specialties. [in Kazakh]
10. Order of the Minister of Defense of the Republic of Kazakhstan dated July 24, 2017 No. 375 on approval of the rules for military training under the Reserve Officers program. [in Kazakh]

11. The senator proposed to adopt a law on patriotic education in Kazakhstan: <https://ru.sputnik.kz/society/20211104/18574687/Senator-predlozhila-prinyat-zakon-o-patrioticheskom-vospitanii-v-Kazakhstane.html> [in Russian]

*Мақалаға сілтеме:*      *Джакубақынов, Б.Б. Мектепте «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқытудың өзекті мәселелері [Мәтін] / Б.Б. Джакубақынов, Н. Төлегенұлы // Dulary University Хабаршысы. – 2024. - №1. – Б. 54-64*  
<https://doi.org/10.55956/HSYH8662>